
Директорлар кеңесі қызметін бағалау

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) өз қызметінің, Кеңес комитеттері қызметінің тиімділігін кешенді бағалауды, директорлар қызметін жеке бағалауды халықаралық озық тәжірибеге сәйкес тұрақты жүргізеді.

2016 жылы Директорлар кеңесі қызметін бағалау халықаралық жария компаниялар директорлар кеңесі қызметін бағалауда айтарлықтай тәжірибесі бар «TopCompetence» (Ресей Федерациясы) және «Olympex Advisers» ЖШҚ (Қазақстан Республикасы) сияқты тәуелсіз сыртқы кеңесшілерді тарта отырып жүргізілді.

Бекітілген әдіснамаға сәйкес бағалау Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің ішкі құжаттары мен хаттамаларын, Директорлар кеңесінің есептерін талдауды, Директорлар кеңесі мүшелеріне сауалнама жүргізуді, тәуелсіз кеңесшілердің Кеңес мүшелерімен Директорлар кеңесінің ролі мен қызметтері, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің құрамы мен құрылымы, олардың жұмыс тәртібі, менеджментпен және Қоғамның өзге де органдарымен өзара әрекеттері сияқты мәселелер бойынша да жеке сұқбаттарын, Директорлар кеңесі және Кеңес комитеттері жұмысының басымдылықтарын қамтиды.

Өткізілген бағалау қорытындылары бойынша Қоғам акционерлері мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етудегі, дамудың басым бағыттарын айқындаудағы Директорлар кеңесінің маңызды орны атап өтілді, тәуелсіз директорлардың Кеңес жұмысына қосқан қомақты үлесі, Кеңес жұмысының конструктивті бағытын қамтамасыз етудегі Төрағаның басты ролі, топтық хатшының сапалы жұмысы аталды. Бағалау Қоғам Директорлар кеңесі қызметінің көптеген қырлары топтық басқару озық тәжірибесінің ұсыныстарына сәйкес екендігін көрсетті.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бас қосқан отырысында қаралды. Тәуелсіз кеңесшілердің ұсыныстары негізінде Кеңес жұмысын жақсартудың басым салалары айқындалды, атап айтқанда: Қоғамның жаңартылған Топтық басқару кодексін қабылдаумен байланысты Қоғамның ішкі құжаттарын жаңарту, сыйақы саласындағы саясатты талқылауға Кеңестің және бейінді комитеттердің қатысу тәртібін оңтайландыру, Қоғамдағы ішкі бақылауды одан әрі жетілдіру, Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасын әзірлеу. Директорлар кеңесінің талқылау қорытындылары бойынша Кеңестің және оның комитеттерінің жұмысын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны Директорлар кеңесінің бас қосқан отырысында бекіту туралы шешім қабылданды.